

## Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктерді жекешелендіру туралы

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 316 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қарашада № 3343 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына, "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктер жекешелендірілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Е. Нұрлыбаевқа жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Арыстан

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "28" қазандағы  
№ 316 қаулысына қосымша

## Жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктердің тізбесі

№	Мүлік атауы	Шығарылған жылы	Тендерім ұстаушысы
1	Трактор колесный МТЗ-80-У, тіркеу нөмері E028AFD	1987	"Индер аудандық білім бөлімінің Б.Нысанбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Прицеп колесный, тіркеу нөмері AEDE072	1988	"Индер аудандық білім бөлімінің Б.Нысанбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
3	ЮМЗ-6 л, тіркеу нөмері ACD460E	1990	"Өрлік ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
4	Автокөлік Газ 3102 121, тіркеу нөмері E225BS	2004	"Индер аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі
5	Автокөлік Ваз 21214, тіркеу нөмері 679AE06	2007	"Индер аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
6	Автокөлік Газ 3102-311, тіркеу нөмері 466AL06	2002	"Индер аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық

7	Тұрмыстық қатты қалдықтар салатын контейнерлер	2010	"Қазақстан Республикасы Атырау облысы Индербор кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
---	--	------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК